

*“Осылайша Құдай барлық бұрынғы сәтсіздіктер үшін,
түнімен төгілген қаншама көз жасы үшін,
күтумен өткен қаншама жылдар үшін
отбасымызды қуанышқа бөледі!”*

бет. 9



45 жастан кейін ата-ана
болуға мүмкіндік бар ма?

бет. 4

Бір жарым жылдан кейін:
Шымкент РМИ қандай
жетістіктерге қол жеткізді?

бет. 6

Жолды қуған оңалар!
Манаповтар отбасында
үш есе бақыт

бет. 8

РМИ-дегі жыл жаңалықтары

бет. 10



*Ежедневно Институт Репродуктивной Медицины
делает уверенные шаги навстречу новым
технологиям, чтобы каждая семья в нашей
стране имела возможность стать по-настоящему
счастливой и полноценной*

Приглашаем женщин принять участие в программе:
“СУРРОГАТНОЕ МАТЕРИНСТВО И ДОНОРСТВО ООЦИТОВ”,
а так же мужчин в программе:
“ДОНОРСТВО СПЕРМЫ”

ТРЕБОВАНИЯ К ДОНОРАМ ООЦИТОВ:

- возраст от 18 до 35 лет;
- наличие собственного здорового ребенка;
- отсутствие выраженных фенотипических проявлений;
- удовлетворительное физическое, психическое и репродуктивное здоровье, подтвержденное заключением медицинской организации



ТРЕБОВАНИЯ СУРРОГАТНЫМ МАМАМ:

- возраст от 20 до 35 лет;
- наличие собственного здорового ребенка;
- отсутствие психических соматических и генетических заболеваний;
- удовлетворительное физическое, психическое и репродуктивное здоровье, подтвержденное заключением медицинской организации



ТРЕБОВАНИЯ К ДОНОРАМ СПЕРМЫ:

- возраст от 18 до 35 лет;
- отсутствие отклонений в нормальных антропометрических и фенотипических признаках;
- удовлетворительное физическое, психологическое и репродуктивное здоровье, подтвержденное заключением медицинской организации.



Дополнительную информацию можно получить по телефонам:

050012 г.Алматы,
Толе би, 99
Кабанбай батыра, 226

тел: +7 727 234 34 34
моб.: +7 771 934 34 34
факс: +7 727 260 12 80

info@irm.kz
irm.almaty
irm.almaty



irm.kz

Құрметті достар және РМИ INFO оқырмандары!

Сіздермен журналымыздың күзгі нөмірінде қауышуға қуаныштымыз және алғашқы беттерінен-ақ жақсы жаңалықтармен бөлісуге асықпыз.

Осы жаз көптеген қуанышты оқиғаларға толы болды. Олардың ең бастысы, әрине, көптен күткен сәбилердің дүниеге келуі және клиникаларымызда өткізілген ЭКО-бағдарламаларының тиімділігі жоғары көрсеткіштері. Болашақ ата-аналардың бақытты жүздерінен басқа бізге, дәрігерлерге, одан артық қандай марапат керек?

Репродуктивтік Медицина Институты мен оның Алматы және Шымкент қалаларындағы филиалдарының бүкіл ұжымының жұмысын мақтан етудің тағы бір себебі – медициналық қызмет көрсету сапасы бойынша «Жоғары санатты клиника» мәртебесін растауы. Осындай мәртебені біз ұлттық аккредиттеу нәтижелері және ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің сараптамалық қорытындысы бойынша үшінші рет растап отырмыз.

Оған қоса, Қазақстанның репродуктивтік медицина саласындағы үздік мекеме ретінде РМИ 2021 жылы ЭКО жасауға ең көп квота санын алды. Адамдар көптен күткен бақытына қол жеткізу үшін еліміздің бүкіл аймақтарынан келіп жатыр! Бұл біздің Институттың бүкіл мамандарының күнделікті қажырлы еңбегінен тұратын жетістіктерімен мақтана алатыны тағы да дәлелденді!

Осы нөмірде біз бір жарым жыл ішінде тамаша көрсеткіштерге қол жеткізе алған Шымкент қ. филиалының қызметі туралы әңгімелейміз, кеш болған жүктілік туралы, 45+ жастан асқан ерлі-зайыптылар перзент сүйе ала ма деген сұрақтарға жауап береміз, ал сөз соңында өздеріңіз ұнататын «Нөмір қонағы» айдарында – еш мүмкіндік қалмағанның өзінде ғажайыпқа орын бары жайында әңгіме өрбітілетін болады.

Қымбат уақытыңызды жоғалтпай, дер кезінде көмекке жүгініңіз, сонда мүмкін емес нәрсені мүмкін етуге болады. Өзіңізге және жақындарыңызға қамқор болыңыз!



Ізгі тілектермен
Тамара Мұфтахқызы ЖҮСІБАЛИЕВА,
Репродуктивтік Медицина Институтының директоры

БАС РЕДАКТОР

Тамара Жүсібадиева,
Репродуктивтік медицина
институтының директоры

ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОР

Евгения Скалей

ДИЗАЙН, БЕТТЕУ

Кравцева Оксана

МЕНШІК ИЕСІ:

“ИРМ” мекемесі

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:

Алматы, Төле би к-сі,

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Индира Абдикалыкова
(a.indira@irm.kz)
www.irm.kz

«Манхэттен Принт» ЖШС
баспаханасында басылған
ҚР, Алматы қ., Кочин к-сі, 4
Тел.: +7 (727) 328 97 43
Таралымы – 2 000 дана

Мерзімдік басылымды есепке қою туралы
№14607-Г күәлігі 31.10.14 ж. ҚР байланыс
және ақпарат агенттігімен берілген.

Редакция авторлардың ойын арқашанда қолдай бермейді. Жарнаманың мазмұны үшін жарнама берушілер жауапты. Жарнама берушілер ҚР ДМ тіркелмеген, рұқсат етілмеген дәрілік құралдардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың жарнамасы үшін жауапкершілік туралы ескерілген. Материалдарды қайта басып шығарғанда “ИРМ INFO” сілтеме жасау міндетті.

45 ЖАСТАН КЕЙІН АТА-АНА БОЛУҒА МҮМКІНДІК БАР МА?



Репродуктивтік медицина институтына жасы келіп қалған пациенттер жиі жүгінетіні бар. Негізгі себебі әйелдің бірнеше рет өздігінен бала көтеру талпыныстары немесе отау құрып, дені сау бала сүюге жарамды жұбайының жоқтығы болуы мүмкін.

Сондықтан әйелдер жасанды ұрықтандыру емшарасын қай жасқа дейін жасауға болатынын білгісі келетіні таңқаларлық емес. Оқырмандарымыздың барлық өзекті сұрақтарына Қазақстан мен Ресейдің репродуктивтік медицина қауымдастығының мүшесі, Репродуктология бойынша еуропалық қоғамның мүшесі, РМИ репродуктолог дәрігері *Елена Владимировна ПОПОВА* жауап береді.

Қазіргі уақытта ЭКО – дені сау бала көтеруге мүмкіндік беретін ең тиімді әдістердің бірі. Заманауи технологиялардың арқасында әйелдер 45-50 жаста да бала көтере алады. Алайда, бұл жаста донорлық жұмыртқа қажет екенін түсіну керек, бірақ біз бұл жайында кейінірек айтамыз.

Сонымен, неден бастаймыз? Жоспарлаудан.

ЖҮКТІЛІКТІ ЖОСПАРЛАУ

Алдымен бала көтеруге дайындалатын барлық қажетті зерттеулерден өту үшін гинеколог қабылдауына жазылу қажет. Сізге осыған дейінгі жүктілік пен түсіктер (егер олар болса),

контрацепция әдістері, гинекологиялық аурулар жайында репродуктологқа айту қажет.

Алайда, репродуктолог сізді ана болуға дайындайтын жалғыз дәрігер емес. Сізге терапевтке (созылмалы ауруларды анықтау үшін, стоматологқа, ЛОР дәрігеріне, аллергологқа (егер аллергия болса) және белгілі бір сала мамандарына қаралу керек. Созылмалы аурулар жүктілікке және болашақ нәрестеге кері әсерін тигізуі мүмкін, сондықтан оларды бала көтермес бұрын анықтап, емдеп алу өте маңызды.

Толық тексеруден кейін репродуктолог денсаулығыңыз туралы алынған мәліметтердің жиынтығын бағалайды да, осы негізде ағзаны жүктілікке дайындау бағдарламасын жасайды.

Көбінесе бағдарлама аурулардың бәрін емдеуге немесе түзетуге бағытталған, сонымен қатар болашақ ана салауатты өмір салтын ұстану бойынша ұсыныстар тізімін алады (салмақ тастау немесе салмақ жинау, күйзеліске түспеу, күн тәртібін сақтау, дұрыс тамақтану, жаман әдеттерден бас тарту).

ЖАС ҰЛҒАЙҒАН САЙЫН ҚИЫНДАУ БОЛАДЫ

Ескертетін нәрсе – бала туу мәселесін қаншалықты кейінге қалдыра берсеңіз, жүкті болу соншалықты қиынға соғады.

Менопауза басталғанға дейін 10-15 жыл бұрын әйел ағзасындағы жетілетін жұмыртқажасушалар саны азая бастайды. Ал жетілген жұмыртқажасушаларда хромосомалық проблемалар болуы мүмкін.

Бұл түсік тастау және туа біткен кемтарлық қаупін арттырады. Мысалы, 40 жаста Даун синдромы бар бала туу ықтималдығы 1:110, ал 45 жаста — 1: 30 құрайды.

40 жастан асқан әйелдердің жұмыртқажасушаларының өміршеңдігі 45-49 жастағы әйелдердікіне қарағанда айтарлықтай бөлек. 40 жастан кейін әйелдің бала көтеру қабілеті тез төмендейді, ал 45 жастан кейін тіпті нөлге ұмтылады.

«Фертильность и стерильность» («Ұрықтылық және ұрықсыздық») журналында жарияланған жақында жасалған зерттеу туралы есеп осы деректерді растайды. Зерттеулер көрсеткендей, тиісті емдеуден өткен 40 жастағы әйелдердің өз жұмыртқажасушаларының көмегімен жүкті болу мүмкіндігі 25% құрайды. 43 жасқа қарай бұл мүмкіндіктер 10%-ке дейін, ал 44 жасқа қарай 1,6%-ке дейін төмендейді. Жүкті болған әйелдер арасында түсік тастау жағдайлары: 40 жастағылар арасында – 24%; 43 жастағылар арасында – 38% және 44 жастағылар арасында – 54% құрайды.



Өкінішке орай, 45 жастан кейін өз жұмыртқажасушаларының көмегімен жүкті болу жағдайы сирек кездеседі.

Бірақ донор жұмыртқажасушаларын қолдану жүкті болу мүмкіндігін едәуір арттырады –кеш туатын атақты аналардың көбі осылай жасайды.

Менің тәжірибемде әйелдің өз жұмыртқажасушасымен туған пациенттің ең үлкен жасы – 44 жас (жасуша алу кезінде) және 45 жас – босанудың өзі. Донор жұмыртқажасушасы бар пациенттің босану кезіндегі жасы 53-те болды. Барлығы ойдағыдай өтті: жүктілігі де, босануы да, сәбилері де сап-сау.

ЖҮКТІЛІК ПЕН БОСАНУ КЕЗІНДЕГІ АСҚЫНУЛАР

Жасы келген әйелдердің ұрықтылық қызметінің әлсіреуінен бөлек, жүктілік кезіндегі асқынуды ескеру қажет. 40 жастан кейін әйелдер жүктілік кезінде жоғары қан қысымы мен қант диабетіне бейім болады, плацента проблемалары мен босану кезіндегі асқынулар жиі кездеседі. 40+ жастағы әйелдердің

салмағы аз немесе шала туған нәрестені дүниеге әкелу қаупі жоғары.

Жетілмеген жүктілік баланы кеш туған аналар арасында да өте жиі кездеседі. Одан басқа, зерттеулер көрсеткендей, 40+ жастағы әйелдер туған балалар 1-түрдегі қант диабеті және жоғары қан қысымы (гипертония) сияқты ауруларға көбірек шалдығады.

ЕРЛЕР ФАКТОРЫ

Ерлер 70 жастан кейін де балалы болуға қабілетті болса да, жасы ұлғайған сайын шәует сапасы нашарлап, генетикалық ауытқулар қаупі арта түсетінін түсіну керек. Соңғы кездері жүргізілген клиникалық сынақтар әкесінің жасы және Даун синдромы мен шизофрения сияқты генетикалық ауытқулар арасында айқын байланысты тапты.

45 ЖАСТАН АСҚАН ЕРЛЕРДІҢ БАЛАЛЫ БОЛУ МҮМКІНДІГІ ЖАС ЕРЛЕРГЕ ҚАРАҒАНДА ҮШ ЕСЕ АЗ.

Одан басқа, жасы ұлғайған сайын ұрық сұйықтығында зақымдалған генетикалық материалы бар шәует жасушалары көбірек кездесетіні дәлелденді. Егер мұндай шәует жасушасы жұмыртқаны ұрықтандырса, онда жүктілік түсік тастауға дейінгі асқынулармен болуы мүмкін. Өкінішке орай, ұрпақтың генетикалық патологиясы пайда болу ықтималдығы жоғары. Әке болуға дайындық кезеңінде ер адам алдымен уролог-андрологқа қаралуы керек. Маман қажетті зерттеулерді тағайындап, нәтижелері бойынша ұсыныстар береді. Қажет болса, дәрігер ем жазып береді.

ЖАСАНДЫ ҰРЫҚТАНДЫРУ

Жоғарыда айтқанымыздай, 45+ жастағы әйелдердің донор жұмыртқажасушасын қолданғаны дұрыс. Оларды дені сау жас әйелдерден гормоналдық ынталандырудан кейін трансвагиналды пункция арқылы алады.

Содан кейін эмбриологтар жұбайының шәуетімен жасанды ұрықтандыру емшарасын жасайды. Осыдан кейін эмбриондар инкубаторда бес-алты күн дамиды. Осы уақыт ішінде табиғи сұрыпталу жүреді – эмбриондардың бір бөлігі дамуын тоқтатады, тірі қалғандары генетикалық зерттеу объектісіне айналады.

Бұл кезеңде эмбрион жасушаның екі түрінен тұрады – трофэктодерма немесе әрі қарай плацента дамитын сыртқы қабық, және ұрықтың өзі қалыптасатын ішкі жасуша массасы. Болашақ балаға зиян келтірмеу үшін дәрігерлер сыртқы қабықтың жасушаларын талдайды, ал генетиктер зерттеу кезінде хромосомалық патологияларды анықтайды.





БІР ЖАРЫМ ЖЫЛДАН KEЙІН: ШЫМКЕНТ РМИ ҚАНДАЙ ЖЕТІСТІКТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ

Халықаралық әйелдер күні қарсаңында 2020 жылғы 6 наурызда Шымкентте Репродуктивтік медицина институтының филиалы ашылды. Бұл тек қала тұрғындары үшін ғана емес, еліміздің бүкіл оңтүстік өңірі үшін де маңызды әрі көптен күткен оқиға болды. Ашылу салтанатына қала әкімі Мұрат Әйтенов пен қалалық денсаулық сақтау басқармасының бастығы Тимирхан Варзилов қатысты.

Филиал салыстырмалы түрде қысқа мерзім ішінде не істеді? Қандай жетістіктермен мақтана алады? Осы жайында Шымкент РМИ клиникасының медицина директоры, репродуктолог дәрігер **Диана ЕСІРКЕПОВА** айтып береді.

- Бір жарым жыл ішінде біздің орталық **12 000** астам пациентті қабылдады. Адамдар бізге түрлі гинекологиялық және урологиялық аурулармен келеді, соның ішінде бүгінгі таңда **4 000** пациент бедеулік мәселесімен көмекке жүгінді. Біздің дәрігерлер экстракорпоралды ұрықтандыру бойынша **1 000** астам емшара жасады, соның ішінде квота бойынша – **270** пациент.

Бүгінгі таңда біз ұжымның қажырлы еңбегінің жемісін көріп отырмыз – шымкенттік РМИ филиалы мамандарының арқасында **46** бала дүниеге келді. Олардың ішінде: Түркістандық бір отбасында үшем, ал бес отбасында егіздер туылды (*ред. еск. – мақала жазылған 13 тамыз күнгі статистика*).

- ШЫМКЕНТ РМИ ДӘРІГЕРЛЕРІ ТУРАЛЫ АЙТЫП БЕРІҢІЗШІ.

- Біздің орталықта жұмыс тәжірибесі мол жоғары білікті керемет қызметкерлер жұмыс істейді. Кадрларды іріктеу мұқияттылықпен, ойластырылып, тіпті егжей-тегжейлі жүргізілді десек болады. Клиникада 25 дәрігер бар, олар – акушер-гинекологтар, репродуктологтар, уролог-андрологтар, эмбриологтар, ультрадыбыстық зерттеу дәрігерлері, сондай-ақ анестезиолог пен цитогенетик. Мамандардың көбі үнемі оқып, біліктілігін арттырып отырады.

Тікелей репродуктология саласында бізде бес дәрігер жұмыс істейді. Қайырбекова Зәуре Құттығұлқызын Тараздан шақырдық, 26 жылдық еңбек өтілі бар жоғары санатты дәрігер, акушер-гинеколог, репродуктолог. Қожасбаева Мадина Жұмабайқызы, гинеколог, эндокринолог, репродуктолог, жоғары санатты дәрігер, 24 жылдық еңбек өтілі бар.

Одан басқа, біздің орталыққа Алматыдан акушер-гинеколог, репродуктолог дәрігер, репродуктология саласындағы Қазақстанның үздік дәрігерлерінің бірі – Тұмарбеков Махмет Қанышұлының шәкірті Есенғұлова Әсел Мұхаметқазықызы жұмыс істеуге келді.

Жақында біздің филиалға Алматыдан керемет дәрігер Сма-



нова Ақерке Бахтиярқызы шақырылды. Оның акушерлік және гинекологиядағы еңбек өтілі 22 жылдан асады, соның ішінде репродуктологияда 16 жыл істеді. Ақерке Бахтиярқызы – ҚР Денсаулық сақтау үздігі, жоғары санатты дәрігер, Қазақстан репродуктологтары қауымдастығының мүшесі (ҚРМҚ), ресейлік репродуктологтар қауымдастығының мүшесі (РАРҚ), ESHRE репродуктологтарының еуропалық қауымдастығының мүшесі және қатысушысы.

Бесінші репродуктолог – мен өзіммін – жоғары санатты гинеколог, эндокринолог, репродуктолог дәрігер. Менің еңбек өтілім 20 жылды құрайды.

Ер адамдарға түрлі операциялардың бүкіл спектрін жасайтын уролог-андролог дәрігерлеріміз – Дәукенов Бағдат Өзімбайұлы мен Гүлманов Еркебұлан Манасұлының үлкен және ерен еңбегін атап өткіміз келеді. Бұл дәрігерлер Корея мен Ресейде оқыды, Италия мен Австрияның жетекші еуропалық клиникаларында біліктілігін арттырды.

Жедел гинекология бөлімшесінің филиалында тәжірибелі хирург Мұсаев Әлімхан Арзیمانұлы мен Алтыбаева Бибінұр Мырзақасымқызы жұмыс істейді.

Шымкент РМИ іргесінде ең заманауи жабдықпен жабдықталған эмбриология бөлімшесі жұмыс істейді. Осы бөлімшенің меңгерушісі – Алматыдан келген Нұртаева Жансұлу Аманбайқызы. Оған тәжірибелі эмбриолог Басбауова Айнұр Ғалилуллақызы көмектеседі.

Эмбриондардың хромосомалық патологиясын анықтаумен тәжірибесі мол Дүланова Гүлнар Базарбайқызы айналысады. Ол эмбриондарды имплантациялау алдындағы генетикалық тестілеуді жасайды (Даун, Эдвардс, Шерешевский-Тёрнер синдромы), сондай-ақ қандай да бір хромосомалық патологиядан туындауы мүмкін бедеуліктің себептерін анықтау үшін ерлі-зайыптылардың кариотиптерін зерттейді.

- ФИЛИАЛДА ҚАНДАЙ ЖАҢАЛЫҚТАР ЕНГІЗІЛУДЕ? МАМАНДАР ҚАНДАЙ ЖАБДЫҚТАРДА ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

- Негізі қаланған күннен бастап орталық ең жақсы әрі заманауи жабдықпен жабдықталған, ал осы жылы УДЗ кавитациялау аппараты сатып алынды, ол бедеулігі бар пациенттерді емдеу үшін, ЭКО-ға дайындау үшін, эндометриямен байланысты проблемалары бар пациенттер үшін, анамнезде созылмалы эндометриттері бар және әйелдің репродуктивтік жүйесінің бала көтеруге әсер ететін көптеген басқа аурулары бар адамдар үшін қолданылады.

Одан басқа, бізде әйгілі неміс Carl Zeiss компаниясының заманауи операциялық микроскопы орнатылған. Бұл микроскопта уролог-андрологтар жұмыс істейді, соның арқасында азооспермияның ауыр формалары кезіндегі әлемдегі алтын стандарт болып табылатын микрохирургиялық диссекция, абструктивті азооспермия кезіндегі шәует шығаратын жолдарды қалпына келтіру сияқты күрделі операциялар жасалады.

Микроскоп варикоцелэктомия операцияларын орындау кезінде де қолданылады (осындай операцияның тиімділігі қарапайым варикоцелэктомияға қарағанда әлдеқайда жоғары, ал асқыну қаупі – өте төмен).

- ШЫМКЕНТ РМИ-ГЕ ЕМДЕЛУШІЛЕР ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЙ ҚАЛАЛАРЫНАН ЖӘНЕ ҚАЙ ЕЛДЕРДЕН КЕЛЕДІ?

- Пациенттердің басым бөлігі Шымкент қаласы мен Түркістан облысынан, сондай-ақ Тараз, Қызылорда қалалары мен Қызылорда облысынан, Ақтау, Ақтөбе, Атырау, Астана, Қарағанды, Орал қалаларынан келеді. Одан басқа, бізде Ресейден, Өзбекстан мен Түркиядан келген пациенттер де болды. География кеңейуде, бұл тиімді қызметіміздің жақсы көрсеткіші болып табылады.

- ФИЛИАЛЫҢЫЗДАҒЫ ЭКО-БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НӘТИЖЕЛІЛІГІ ҚАНДАЙ?

- Бүгінгі таңда 32-34% деп көрсететін және жақсы нәтиже болып саналатын әлемдік статистикамен салыстыратын болсақ, бұл орталығымыздың нәтижелілігі, менің ойымша, өте жақсы, ол 50 проценттен асады.

- ӘНГІМЕМІЗДІҢ СОҢЫНДА, СӘБИЛІ БОЛУДЫ АҢСАП ЖҮРГЕН ӘЙЕЛДЕРГЕ ҚАНДАЙ КЕҢЕС БЕРЕР ЕДІҢІЗ?

- Бүгінгі таңдағы бедеулік проблемасы – тек әйелдердің ғана емес, ерлердің де проблемасы, сондықтан ерлі-зайыптылар репродуктологтың тексеруінен өту керектігін түсінуі тиіс.

Қымбат уақытыңызды жоғалтпай, беймәлім дәрігерлер мен орталықтарға бармағаныңыз жөн (өйткені олар аз ақшаға лезде нәтиже аласыз деп уәде береді), әр түрлі бақсы мен «балгерлерді» айтпасақ та болады.

Өз уақытыңызды бағалап, бекерден бекер өткізіп алмаңыз! Өйткені жас келген сайын сәбилі болу қиындай түседі!

Сонымен қатар, барлық бала сүймеген ерлі-зайыптыларға қиындыққа берілмей, алға қойған мақсаттарына жетіп, өздеріне және дәрігерлеріне сеніммен қарасын деп тілеймін.

Бүкіл пациенттерімізге көптен күткен перзент сүю армандарының орындалуын тілеймін, ал біз оған міндетті түрде көмектесеміз!

ЖОЛДЫ ҚУҒАН ОҢАЛАР! МАНАПОВТАР ОТБАСЫНДА ҮШ ЕСЕ БАҚЫТ



Әсем Мергембаева 10 жылдан астам ана болу бақытын асыға күтумен өмір сүрді, бірақ неге екені белгісіз, дегелек оның үйіне келуге асықпады. Оған қандай ғана диагноз қойылмады, ол не істемеді, қайда және қалай емделмеді десеңізші! Бірақ, өкінішке орай, бәрі де түкке тұрғысыз болды. Емхана дәрігері Репродуктивтік медицина институтына жүгінуге кеңес бергенше жүре берген.

Жағдай нақты диагноз қоюды, проблемаға жоғары кәсіби тұрғыдан қарауды және сол проблеманы шеше білуді талап ететін болса, бәрібір РМИ-ға келесіз!

- ӘСЕМ, ҒАЖАЙЫП СӘБИЛЕРІҢІЗДІҢ ДҮНИЕГЕ КЕЛУ ТАРИХЫ НЕДЕН БАСТАЛҒАНЫН АЙТЫП БЕРІҢІЗШІ. ЖОЛЫҢЫЗДА ҚАНДАЙ ПРОБЛЕМАЛАР БОЛДЫ? ҚАНША ЖЫЛ ЖӘНЕ ҚАЙ ЖЕРДЕ ЕМДЕЛДІҢІЗ?

- Үйлену тойынан кейін бірден біз «сызығы» бар тестті күттік, бірақ бала әкелетін дегелек әйтеуір бір себептермен отбасымызға асықпады. Біраз уақыт өткен соң мен дәрігерлермен кеңестім, бірақ олардың бәрі келісіп алғандай менің міндетті түрде ана болатынымды, бәрі бірден бола салмайтынын, күту керектігін айтты.

Алайда айлар, одан кейін жылдар өте берді, мен бала көтермедім. Дәрігерлер көмектесе алмайтын жағдайда әйелдердің көпшілігі не істейді? Кез келген мүмкіндікті пайдаланады! Мен де емшілер

мен балгерлерге жүгіндім. Біреуі көз тиді десе, енді біреуі жатырың қабынды немесе бүгілді деді. Өз әдістерімен емдеді, бірақ көмегі болмады.

Менің қандай психологиялық күйде жүргенімді өзімдей жылдар бойы үмітсіз жүргендер ғана түсіне алады. Күндіз жақсы көретін жұмысыммен айналыстым: мен мектепте мұғалім болып жұмыс істеймін, ол жерде қайғырып, мұңаятын уақыт жоқ, өзіңіз білесіз! Ал түнде жыладым, ызаландым, құлазыдым...

Шарасыз күйге түстім, бірақ дұға жасап, сеніп жүрдім. Сенім бар жерде жеңіс те бар.

2012 жылы УДЗ-де эндометриоз, сол жақ аналық бездің эндометрионидты жылауығы деген диагноз қойылды, содан кейін



операция жасалды. Менде қайтадан үміт оты жанды, бірақ нәтижесіз.

Таныстардың ұсынысымен мен жеке гинекологқа жүгіндім, үш ынталандыру жасады, бір жыл өтті – нәтиже жоқ.

2016 жылы мен қаралып жүрген емханадағы терапевт жылдар өтіп жатқанын, қиындыққа мойын ұсынбау керектігін айтты! Репродуктивтік медицина институтындағы репродуктологтарға қаралыңыздар – олардан басқа ешкім көмектесе алмайды, – деді. Тағдырдың жетегімен жолдасым екеуіміз асыра айтқаным емес, ғажап дәрігер – Рүстем Әшірқариұлы Жолдасовтың қабылдауына келдік.

УДЗ-де қайтадан жылауық анықталды, лапароскопия жасады. Операциядан кейін алты айдан соң, менің көптен күткен алғашқы жүктілігім болды, мен алғаш рет арманымдағы екі сызықты көрдім!

Керемет бақыт сезімінен есім танғандай болдым! Қалтырап-дірілдеп, тіпті тыныс алуға қорқып, дәрігеріме бардым. УДЗ-де жүктілік расталды, қан талдамасы ХГЧ-ның жоғары екенін көрсетті, бірақ...

Өмірімде перзент сүю жолындағы осындай БІРАҚтар өте көп болды, өмірімде бірінші рет жүкті болғанымды түсінген соң осы БІРАҚ үлкен бір қасіретке айналды – 7-8 аптада маған жетілмеген жүктілік деген диагноз қойылды...

Қырып тазарту, көл көсір көз жасы... Құлазу. Өмір мен үшін тоқтап қалғандай болды, ештеңеге зауқым болмады. Күйеуім мен туыстарымның қолдауының арқасында ғана мен сәтсіз жүктіліктен кейін қалған бар күшімді жинап алып, бір жылдан соң ЭКО-ға бардым.

Ынталандыру, жаңа хаттама, сапасы жақсы екі эмбрионды салды. Жүктілік басталды, ХГЧ көбейді, бірақ бақытым ұзаққа созылмады – қайтадан жетілмеген жүктілік...

Дәрігер ДНҚ-талдамасын жасауға ұсыныс тастады, нәтижесінде хромосомалардың бұзылуын (трисомия) көрсетті. Осыдан кейін ЭКО тақырыбы қозғалмады. Мен балалы болмайтыныма көндік-тім десе де болады...

2019 жылы өміріме СЕНІМ МЕН ҮМІТ қайта келді. Күйеуім екеуіміз тағы бір бағдарламаға баруға бел будық. Осы жолы біз ұзақ хаттаманы таңдадық.

Ынталандыру, пункция, эмбриондарды көшіріп салу және ХГЧ күту. Күннен күнге тесттер айқындала берді, бірақ бақыт сабы-

рлықтан тұратынын түсіндім және бұрынғы тәжірибем де уақытынан бұрын қуанудың керегі жоғын көрсетті.

УДЗ жасау уақыты келді. Келе жатып, толқып, демімізді ішке тартып тұрмыз, кенет – ҮШЕМ дегенді естідік және көрдік те! Шынын айтқанда, өз көзімізге және құлағымызға сенбедік.

Екінші УДЗ – ҮШЕМДІ көрсетті! Осылайша Құдай барлық бұрынғы сәтсіздіктер үшін, түнімен төгілген қаншама көз жасы үшін, күтуден өткен қаншама жылдар үшін отбасымызды қуанышқа бөледі! Айтпақшы, маған екі эмбрион салынды, бірақ бір эмбрион екіге бөлініп, бізде егіз қыз және үшінші қыз дүниеге келді. Менде ғылыми тілмен айтқанда дихориальді триомниотикалық жүктілік болды. Бұл ғажап нәрсе емес пе?!

Бүкіл жүктілік бойы мен шыныдан жасалған ваза іспетті болдым. Туыстарым мені көздің қарашығындай сақтады, мен әр түрлі талдамалар тапсырдым, дәрумендер мен препараттар іштім (қазір есімде – күн сайын клексан дәрісін ектіріп отырдым). Осылайша жүктілігім өтіп жатты. Ал 2020 жылдың 20 ақпанында үш жұлдызым, үш гүлім-періштем дүниеге келді! Қуаныштың көз жасына ерік беретін кез келді!

- ТАҒЫ ДА БАЛАЛЫ БОЛҒЫЛАРЫҢЫЗ КЕЛЕ МЕ?

- Бәрі бір Алланың қолында. Егер тағы бір мүмкіндігім болса, онда мен оны қуана қолданамын.

- СӘБИЛІ БОЛУ ЖОЛЫНДА ҰЗАҚ КҮТКЕН, БІРАҚ ӘЛІ НӘТИЖЕГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗБЕГЕНДЕРГЕ ҚАНДАЙ КЕҢЕС БЕРЕР ЕДІҢІЗ?

- Жолды қуған оңалар. Бұл жол қаншалықты қиын болса да, ешқашан мойымаңыз, тек алға ұмтылыңыз, бұрын істемеген нәрсені жасаңыз, өзіңізді жақсы көріңіз, әрекет етіңіз, сонда міндетті түрде сәбилі боласыз. Енді мен ғажайыпқа сенемін! Сіз де сеніңіз!

- ҚАЗІР, ӨТКЕНГЕ КӨЗ ЖҮГІРТПІ, ТОЛҚЫТҚАН СӘТТЕР АРТТА ҚАЛҒАНДА, РМИ МАМАНДАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ НЕ АЙТАР ЕДІҢІЗ?

- РМИ дәрігерлері мен бүкіл қызметкерлері – өте керемет кәсіпқой мамандар! ЭКО клиникасы – Қазақстандағы ең жақсы клиника. Ал репродуктологымыз Рүстем Әшірқариұлын біз ерекше қатты жақсы көреміз. Ол әрдайым бізді қолдап жүрді және арманымыздың орындалуына барын салды. Оған және оның отбасына амандық, денсаулық және бақыт тілейміз!

РМИ, сіздер ең жақсысыздар! Жасап жатқан жұмыстарыңыз үшін мың алғыс! Еңбектеріңіздің арқасында бұл әлем шынымен бақытқа кенеледі!



РМИ ЖОҒАРЫ САНАТТЫ КЛИНИКА МӘРТЕБЕСІН РАСТАДЫ

ҚР Денсаулық сақтау Министрлігінің ұлттық аккредиттеу мен сараптамалық қорытындылау нәтижелері бойынша РМИ-дің үш клиникасы медициналық қызмет көрсету сапасы бойынша «Жоғары санатты клиника» мәртебесін үшінші рет растады.

Естеріңізге сала кетейік, аккредиттеу Алматы мен Шымкенттегі РМИ клиникаларында 19-27 сәуір аралығында жүргізілді.

Репродуктивтік медицина институты өзіне жүктелген міндеттемелерді орындауға қабілетті екенін кезекті рет растады,



өйткені ол осыған қажетті барлық кәсіби, ұйымдастырушылық және материалдық ресурстарға ие.

Сыртқы кешенді бағалау нәтижесі бойынша жоғары біліктілік санатын Төле би көшесінде орналасқан РМИ клиникасы, Қабанбай батыр көшесінде орналасқан РМИ клиникасы және Шымкенттегі РМИ клиникасы растады.

Жоғары кәсіби біліктілігі үшін РМИ клиникасы ұжымына алғыс білдіреміз. Пациенттерге бізге сенім артқандары үшін алғыс білдіреміз!

ҚАЗАҚСТАНДА ЭКО-ҒА КВОТА САНЫ АРТТЫ

Елдегі отбасылық-демографиялық жағдай өте үлкен алаңдаушылық туғызады. Өкінішке орай, Қазақстандағы әрбір алтыншы отбасы балалы бола алмайды. Дәрігерлер бедеулікті тек медициналық қана емес, сонымен бірге әлеуметтік проблемаға да жатқызады. Әлеуметтік сауалнамалар көрсеткендей, қазақстандықтардың 20 процентке жуығы бұны ажырасуға негіз деп санайды.

Осы жағдайды ескере отырып, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев үкіметке ЭКО бағдарламалары бой-

ынша квоталар санын жеті мыңға дейін арттыруды тапсырды.

Экстракорпоралды ұрықтандыру бағдарламасы 2010 жылдан бастап тегін медициналық көмектің кепілді көлеміне енгізілді. 2021 жылы бөлінетін квоталар санын 7000-ға дейін арттыру квоталар беру көрсетімін кеңейтуге және оларды алу үшін кезекті едәуір қысқартуға мүмкіндік береді.

РМИ клиникаға бірінші жартыжылдыққа бөлінген квоталар санын орындады. Қазіргі уақытта біздің дәрігерлер екінші жартыжылдықтағы квота көлемі бойынша жұмыс істеуде.

РМИ КЛИНИКАСЫ УРОЛОГИЯ БӨЛІМІНДЕ ЕМДЕЛУДІҢ 10 СЕБЕБІ

1. РМИ-дің тәжірибелі уролог-андрологтары кез келген қиындықтағы ерлердің жыныстық проблемаларын шеше алады.
2. Біздің дәрігерлеріміздің жыныс микрохирургиясы саласында Қазақстан бойынша тәжірибесі мол.
3. Жалпы РМИ-де, атап айтқанда урология бөлімшесінде қосалқы репродуктивтік технологияларды қолдануда кең мүмкіндіктер мен ресурстар бар.
4. Клиника ең заманауи жабдықтармен жабдықталған, соның арқасында біз генетикалық, гистологиялық, эмбриологиялық зерттеулер жасай аламыз.
5. РМИ-де ең жоғары әлемдік стандарттарға сәйкес келетін операциялық блок жұмыс істейді.
6. Біздің клиникамызда мейірімді әрі қамқор дәрігерлер мен медбикелер жұмыс істейтін жайлы стационар бар.
7. Біздің мамандарымыздың онкологиялық аурулардан кейін бедеулікті емдеу тәжірибесі бар.
8. РМИ урологтары ЭКО-да бедеуліктің күрделі формалары бар пациенттер үшін MICRO TESE бірегей технологиясын пайдаланады.
9. Бізде жыныс мүшелерінің ең ауыр жарақаттарынан кейін



жыныстық және репродуктивтік қызметті қалпына келтіруде үлкен тәжірибеміз бар.

10. Біздің дәрігерлер үнемі ғылыми қызметпен айналысады және халықаралық іс-шараларда әріптестерімен тәжірибе алмасады. Жақында РМИ урология бөлімшесінде Carl ZEISS неміс компаниясының жаңа микроскопы орнатылды, соның арқасында дәрігерлеріміз енді бірегей әрі күрделі операцияларды жасайтын болады.

РМИ-ДЕ АЛҒАШҚЫ СӘБИЛЕР ЖАЗДЫҢ АЛҒАШҚЫ КҮНІН АТАП ӨТТІ

Халықаралық балаларды қорғау күнінде РМИ клиникасы балалармен, бақытты аналармен және болашақ ата-аналармен бірге жазғы мерекені қуанышты көңіл-күймен атап өтті. Қонақтардың бәрі клиниканың құттықтаулары мен сыйлықтарын алды.

Бұл мереке балалар үшін ғана емес, өз үйінде балалардың сыңғырлаған күлкісін зарыға күткен және РМИ дәрігерлерінің арқасында жетістікке жеткен ата-аналар үшін де маңызды күн болды!

